

ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ШҰҒЫЛ ЖАҒДАЙЛАР.

АӘД мұғалемі Осипов Е.А.

БЕЙБІТ ЖӘНЕ СОҒЫС УАҚЫТЫНДАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР

1996жылғы 5 шілде “Табиғи және техногендік сипаттағы т.ж. туралы” ҚР-ның Заңы қабылданды. Мұнда халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүгізуші объектілерді төтенше жағдайлар мен олар туғызған зардаптардан қорғау мемлекеттік саясатты жүргізудің басым салаларының бірі болып табылады.

Төтенше жағдай пайда болу жағынан –табиғи, техногенді, экологиялық, биологиялық, антропогендік, әлеуметтік және біріккен немесе қосылған болып бөлінеді.

БЕЙБИТ УАҚЫТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

қоршаған ортаның зиянды заттардан ластануы;

жарылыс,өрт;

әскери саясаттық сипатта болатын;

көлік коммуникациясындағы ТЖ;

стихияға әкеліп соғатын.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдай – дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны және басқалар), табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары, ауылшаруашылық өсімдіктерінің және ормандардың кеселдері мен зиянкестері арқылы зақымдануын туғызатын төтенше жағдайлар.

Дүлей зілзала - төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соққын зілзала.

Техногендік сипаттағы төтенше жағдай - өнеркәсіп, көлік авариялары және басқа да авариялар, өрт (жарылыс), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық жағынан қауіпті заттарды тарататын (тарату қаупі бар) авария, үйлер мен ғимараттардың кенеттен қирауы, бөгендердің бұзылуы, тіршілікті қамтамасыз ететін электр-энергетика және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авария туғызған төтенше жағдай.

Авария - технологиялық процесстің бұзылуы, механизмдердің жабдықтар және ғимараттардың зақымдануы